

БАЙҒҰТОВА АҚЛИМА МАРХАБАТҚЫЗЫ филология ғылымдарының кандидаты, доцент



Байғұтова Ақлима Мархабатқызы 1969 жылы 14 қарашада Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Азаттық ауылында дүниеге келді.

1987 жылы Шымкент қаласындағы №24 мектепті алтын медальға аяқтаған.

1987-1992 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институты филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алып, аталған институтты «қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» біліктілігі бойынша үздік дипломмен бітірді.

1992-1996 жылдар аралығында аталған институттың, кейінірек Қ.Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің қазақ тілі кафедрасының оқытушысы қызметін атқарды.

1996-2013 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университетінің, кейіннен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ тіл білімі, практикалық қазақ тілі кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы қызметтерінде жұмыс істеді.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтындағы қызметін 2013 жылы ғылыми-зерттеу бөлімінің бастығы қызметін атқарудан бастаған. 2014 жылы «ОҚМПИ Хабаршысы – «Вестник ЮКГПИ» журналының жауапты хатшысы, 07.07. 2015 ж.-04.04.2022 ж. аралығында бастап тәрбие істері жөніндегі проректоры, 01.04.-27.07.2020 ж. аралығында филология факультеті деканының міндетін атқарушы қызметтерін атқарған.

04.04.2022 ж. бастап Ғалым хатшы қызметін атқаруда.

2008 жылы 25 сәуірде ҚР БЖҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы 10.02.06 – түркі тілдері, 10.02.02 – қазақ тілі мамандықтары бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғайтын Д 53.38.01 диссертациялық кеңесте «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

А.Байғұтова – аталған қызметтерді абыройлы атқарып жүрген іскер басшы ғана емес, беделді ұстаз, жетекші филолог-ғалым. Оның еңбектері республика, алыс және жақын шет елдердің белді басылымдары мен баспаларында жарық көрген 70-ге жуық ғылыми мақаласы, 7 оқу құралы, 9 оқу-әдістемелік құралы оқу үдерісінде жиі қолданылатын елеулі еңбектер

қатарына жатады. Бірнеше халықаралық, республикалық ғылыми конференцияларда баяндамалар жасаған. 2014 жылдан бастап жарық көретін «ОҚМПУ Хабаршысы – «Вестник ЮКГПУ» ғылыми-әдістемелік журналын шығарып, оның қалыптасуына зор еңбек сіңірген.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде Елбасының, Президенттің саясаты мен Жолдауларын насихаттауға, рухани мұра және Мәңгілік Ел идеясын, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», т.б. идеяларды насихаттауға арналған көптеген іс-шаралар өткізді. Сонымен қатар «Қазақстан-Шымкент» «Отырар» телеарналарында маңызды саяси оқиғаларға, жастар саясаты мәселелеріне байланысты пікірін білдіріп, сөз сөйлеп, «Егемен Қазақстан», «Оңтүстік Қазақстан», «Шымкент келбеті» газеттерінде мақалалар жариялауда.

А.Байғұтованың тікелей жетекшілігімен бірнеше республикалық, халықаралық деңгейдегі ғылыми-теориялық, ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен кездесулер, танымал тұлғалармен кездесу, семинар-тренингтер мен дөңгелек үстелдер, т.б. өткізілді.

А.Байғұтова ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы (2017 ж.), Шымкент қаласы әкімінің Алғысхатымен (2019, 2021 ж.), НұрОтан партиясы Шымкент қалалық филиалының Алғыс хатымен (2021 ж.), Түркістан облыстық мәслихатының грамотасымен (2021 ж.), «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 25 жыл» мерекелік медалімен (2016 ж.) марапатталған.

2008 жылдан бері Ересек тұрғындардың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін тексеру мақсатында құрылған ҚР БЖҒМ Ұлттық тестілеу орталығы жанынан құрылған ҚАЗТЕСТ жүйесінің сарапшысы. Мемлекеттік тілді меңгерту стандарттарының авторы, оқу-әдістемелік «Тіл – құрал» авторы, бірнеше оқулық пен оқу-әдістемелік құралдарының сарапшысы.